

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
№26 «Үміт» бөбекжай-балабақшасы  
Кезектен тыс жалпы ата-аналар жиналысының  
№2 хаттамасы**

Ақтөбе қаласы  
Қатысқан ата-аналар: 136

12.12.2024ж.

**Күн тәртібінде:**

1. Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы.
2. Әр түрлі сұрақтар.

**Тыңдалды:** Бірінші сұрақ бойынша, ата-аналарға менгеруші Д.Ж. Жаулыбаева Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы Ақтөбе облысының әкімдігінің Қаулысымен таныстырды.

1. Осы қаулыдағы 1-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының бекітілуін айтып өтті.
2. Осы қаулыдағы 2-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылға арналған ата-ана төлемақысының мөлшерімен таныстырды.

Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылға арналған ата-ана төлемақысының мөлшері: Ақтөбе қаласы (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы бір күнгі ата-ана төлемақысының мөлшері 980 теңгені құрайды.

Екінші сұрақ бойынша, кейбір ата-аналар өз тараптарынан ата-ана төлемақысының мөлшерінің өсуіне түсіністікпен қарайтынын айтып, өз тараптарынан келісетіндіктерін айтса, кейбір ата-аналар ата-ана төлемақысының мөлшерінің өсуіне қарсы екенін айтып, өз ұсыныстарын білдірді.

**Шешімі:** Жиналысқа қатысқан ата-аналардың көпшілігі берілген ақпараттарды мақұлдап келісетіндіктерін білдірді.

Жиналыстың төрағасы:  
Жиналыстың хатшысы:



Д.Ж. Жаулыбаева  
Д.С. Карасартова





МККК №26 «Үміт» МДҮ

# Тренинг





**«Менің бақытты отбасым» атты ата-аналарға арналған тренинг.**

**Мақсаты:** Бала жанұясы мүшелерін бір-біріне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.

**Қатысқандар:** Ата-аналар

**Көрнекіліктер:** Отбасы суреті, бояу, қарындаштар, қалам, таза парақ, ватман, шарлар, қайшы, желім және технология, презентациялар.

**Кіріспесөз:** Қымбатты ата-аналар, сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Алдымен өзіміз, отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.

**I. Танысу. Амаңдасу**

**Психологиялық жаттығу: «Үй»**

Қажетті құралдар: А4 парағы, қарындаш

**Өтілударысы:** Ата-аналарға ақпарат пен қарындаштар беріледі.

**Тапсырма:** Параққа үйдің суретін сал. Салған үйіңіздің 6 терезесі болу шарт.

Үйдің салып болсақ, енді сол терезелерге өз отбасыларыңыздың мүшелерін орналастырыңыз. (Өз отбасыларың таныстырады)

**Психолог:** сіздердің отбасыларыңызбен біз толық таныстық

**II. Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) «Гүлдің оянуы»**

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіп көріңіздер.

Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап-таза, жап-жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әлемі гүлді шашылып келеді. Қандай әлсімі! Гүлді-түсті жапырақтар құшырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің баланыз. Бұл жәйгі үлемес, сүйіспеншілік гүлі.

Көзіңізді жұмып осы гүлдің елестетіңіздер. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің ісініскейміз. Міне, бізде қандай жапа гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсірейік. Салған үйіңіздің 6 терезесі болу шарт. Үйдің салып болсақ, енді сол терезелерге өз отбасыларыңыздың мүшелерін орналастырыңыз. (Өз отбасыларың таныстырады)

**III. Ойын «Ата-анам сүйірім»**

Ата-аналар ақпаратқа үйдің суретін салып, гүлдерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтады.

**IV. Жағдаят.**

Ата-аналар жағдаятты оқып, өз ойларын айтады.

**I топқа:** Баланың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істердіңіз?

**II топқа:** Баламен сөйлесе білуде үлкен өнер. 4-6 жастағы бала күшіне көптеген сұрақ қоятын көрінеді. Сіздің баланың осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ әлде елеусіз қалдырасыз ба?

**III топқа:** Кейбір ата-аналардың баласының әрбіріне тегеніс – әрекетіне көңілі тоlmay: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

**V. «Тілекшамы». (Қорытындылау)**

**Мақсаты:** тренинг туралы пікірлерін ортақтасу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын таныса, жаң-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәнін терең ұғып болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түнін түзуболуы үшін «Тілекшамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

(Ертегі кейіпкерлері: «Ертөстік» ертегісінің кейіпкерлері Ертөстік, Қолтауысар, Саққұлақ, Желаяқ, мыстан кемпін және аю, қоян, түлкі, көбелек пен гүлдер шығады),

Ертегі кейіпкерлері: Сәләматсыңдар ма балалар, Мерекелерін құтты болсын!

Жүргізуші: Біздің мерекмізге қош келдіңіздер, төрлетіңіздер. Мерекені балалармен бірге тамашалаңыздар. (Кейіпкерлер жайғасады).

Күлімде, күн, күлімде.

Жер жасарып, көгерсін. Жаз келді деп қуанып,

Шаттанады бүлдіршін.

Балалар, жаз мезгілінің үш айы бізге арнайы келіпті. Қане, оларды тындап көрелік. (Қолдарында құмыра ұстаған үш қыз ортаға шығады).

Маусым:

Туады мамырдан соң Маусым айы,

Жаз шығып, жақсарады малшы жайы.

Аспанның ашылғанда қас қабағы,

Жер-жерде қайырт жұмыс басталады.

Шілде:

Шыжғырған от-жалыннан Шілдедегі,

Дүние сән базарға түрге енеді.

Әр үйдің бақшасы бар басыбайлы,

Көз қуантып, көңілді өсіреді.

Тамыз:

Табаның тіреледі тамырға кеп,

Өйткенге таңырқайсын аңыз ба деп

Бұл айды жомарт жаздың соңы дейсің,

«Не ексең – соны орасың!



Соны жейсің!

(Маусым, Шілде, Тамыз балаларға жаздың ерекшелігі туралы айтып береді. Осы кезде көбелектерді қуалаған қоян шығады).

Жүргізуші: Қоян-ау, көбелектерді неге қуалап жүрсің?

Қоян: Олар өте әдемі. Ұстап алып, үйіме іліп қоямын.

Жүргізуші: Балалар, айтындаршы, көбелекті ренжітуге болмайды ғой.

Қоян: Ендеше, гүлдерді жұлып алып, иіскеймін.

Жүргізуші: Гүлдерді жұлуға болмайды.

Қоян: Жарайды, мен гүлдерді жұлмауға, көбелектерді кумауға уәде беремін. Бірақ, мен кіммен ойнаймын?

Жүргізуші: Сен алдымен біздің балалардың өнерін тамашала.

1 бала:

Балалардың бақшасында бүгін той,

Жайдарлы жаз келген

Тақпақ айтып, кезектесіп, бір-бірлеп,

Кел, қосылып ән шырқайық би билеп.

2 бала:

Ойыншықпен ойнаймыз,

Жас ұрпақпыз талапты,

Мерекені тойлаймыз,

Ән айтамыз би билеп.

3 бала:

Жер ана бағымыз.

Туыстық сәніміз.

Тыныштық әнін біз,

Шырқайық бәріміз.

Ән. Е. Хасанғалиев «Атамекен».

Жүргізуші: Балалар, енді мана қоян ренжітпек болған көбелектер мен гүлдердің биін тамашалайық.

Би. (Мұнан соң тәрбиешілер «Қызыл телпек ертегісін сахналайды»).

Жүргізуші: Балалар, қалай», сендерге ертегі ұнады ма? (Балалардың жауабы). Олай болса, енді ертегі кейіпкерлерімен бірге ойын ойнайық.

Желаяқ. Менімен жарысатын кім бар? Қане, орталарында жүйріктерін болса, жарысайық («Қапшықпен секіру» ойыны. Ойын шарты бойынша балалар қаппен секіреді).

Жүргізуші: Ойын жеңімпаздарына арнап «Жас дәуірдің түлегіміз» әнін жолдаймыз. Қабыл алыңыздар. Ән.

Қолтауысар: Ал, мен балалармен «Кім жылдам» ойының ойнағым келеді. (ойын шарты бойынша балалар бір ыдыстан екінші ыдысқа су тасып құяды).

Би.

Жалмауыз кемпір: Менімен жарысар кім бар?  
(«Жалауша алу» ойыны ойналады).

Жүргізуші: Ойынға қатысқан жеңімпаздарымызды ортаға шақырамыз.

Ән: «Сауық сайран». (Жүргізуші мерекелік ертеңгілікке қатысушыларға, ертегі кейіпкерлеріне алғысын білдіреді).

Жүргізуші:

Өнер қуып, білімді бол,

Тек білімде сара жол.

Ізденсендер талаптанып,

Орындалар арман мол.

Қызмет етіп Отаныңа

Болса білсең нағыз ер.

Мақтан тұтар есімінді,

Туған елің, туған жер.

Балалар, енді аспазшы апайларың әзірлеген

мерекелік дастарханнан дәм татайық.

## **Балаңызға қаншалықты көңіл бөлесіз?**

### **Кеңес**

**Ақтобе 2024 ж**



Ұрпағымыз болашағымыз

Өмірдің ең бір қызығы, ол - тәлім - тәрбие беру

Әл - Фараби

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсіргені күмән туғызбайды. Шығыстың ғұлама ғалымы Әл - Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін, - десе, Болашақ ұрпақ жайында Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өз Жолдауында: « Қазіргі заманда кез - келген мемлекеттің тыныс тіршілігін қалыпты ұстап тұрудың аса маңызды шарты - адамдардың өздері, олардың ерік - жігері, қажыры, білімі болып табылады. Ата - аналар өз балаларын өмірге даярлауға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Олар қазіргі балалар елдің болашағын анықтайтын ХХІ ғасырдың ересек адамдары екенін түсінуі қажет»- деп көрсетті. Ал тәрбие дегенге М. Жұмабаев: «Тәрбие - адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру»- деген екен. Сонда бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы қалыптасатын күрделі іс. Бала қамын ойлаған бабаларымыздың айтқандарынан түйгеніміз - қай қоғамның болсын көтерген мәселесі – бала жанына ізгілік дәнін егу. Себебі бала - өмірдің жалғасы, мәні мен сәні. Сондықтан да халық баланы көңілдің гүлі, көздің нұры деп ұққан. Кезінде ұрпақ тәрбиесі, ел тағдыры жөнінде елеулі еңбектер жазып, аталық ақыл айтқан ғалым - профессор Б. Кенжебаев: «Бала – біздің болашағымыз. Болашағына немқұрайлы халықтан ештеңе күтуге болмас еді. Қазақта «Ұяда не көрсе ұшқанда соны ілер» - деген мәтел бар.

Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшырататын ата да қыран болу керек»- деп отбасы тәрбиесіне ерекше тоқталған. Себебі отбасы бала үшін - алтын бесік. Бала тәрбиесі мен барлық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы негізінен отбасында жүзеге асады. Олай болса балаға өз шаңырағында, өз табалдырығында дұрыс тәрбие берілуі - тәрбиенің ең басты шарты. Ата мен әженің, әке мен шешенің балаға беретін үлгісінің құдіреттілігін мойындап, өз ұлтының ертеңін елжірей ойлап, ұлттық тәрбие тағлымын байыптай да батыл айтқан батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «... Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата - аналарымның бейнесі елестейді. Өйткені өзімнің әжемдей, әке - шешем мен ауылдың ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған ешкім жоқ.» деп балалық шағын тебірене еске алуы тегін емес.

Тәрбиенің алғашқы бастамасын бала жанұяда алады. Бала жанұя аясында түлеп өседі, оң - солын таниды. Ол алғашқы адамгершілік қасиеттерді де, еңбек әліппесінің алғашқы беттерін де өз үйінде ашады. Ұлттық педагогикада «Тәрбие отбасынан басталады»деп тегін айтылмаған. Баланың тәлім – тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «баланы жастан»деп



мәтелдеген. Өмірдің базарын бала деп білген халқымыз «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей.»- демей ме? Иә, қазақ халқында сонау ежелгі заманнан бері өзіндік тәрбие мектебі, қалыптасқан дәстүрі болған. Ал сол дәстүр отбасында басталып, мектепте берілетін тәрбиемен қалай қабысады. Енді соған келейік.

Алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі толысқан, жан - жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Бұл екі ортаның да мақсат - мүддесі ортақ, міндеті - біреу. Демек қасиетті жерде жұмыс істеудің өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап етеді. Тұңғыш ағартушы педагог Ы. Алтынсарин «Күнәнің ең үлкені - бала жанының нәзік пернелерін дұрыс сезе алмайтындарда»деп бала тәрбиесіндегі басты тұлға ұстаздарды өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырған. Балаға тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық, сүйіспеншілік сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай түпкі мақсат ешқашан орындалмайды.

Әр кәсіптің өз жемісі бар. Біздің жемісіміз – алдымыздағы шәкірттер. Олар – біздің бүкіл ұстаздық өміріміздің гүлі, мәні мен сәні десек артық айтпағандық болар. Қазақта «Ана мейірі мен ұстаз мейірі егіз»деген тамаша мәтел бар. Халық айтса қалт айтпайды. Мейірімін ана мейірімен теңестірген ұстаздың бойында қандай қасиеттер болу керек.

Біріншіден, біз мейірбан адамдар болып, балаларды қаз - қалпында сүйуге тиіспіз, шолжаңды да, тіл алғышты да, ақылдыны да, жалқауды да бірдей жақсы көруіміз қажет. Өзіміздің жан - шуағымызды балаларға алаламай тең үлестіруіміз керек. Балаға деген мейірімділігіміз бен махаббатымыз педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі болуы тиіс. Балаларға деген сүйіспеншілік пен мейірім олармен дөрекі сөйлесуге, олардың жеке басымен намысына тиюге, ұрсып, қорқытуға жол бермейді.

Екіншіден, біз баланы түсіне білуіміз керек. Балалар өздеріне әрдайым көмекке келетін, табыстарына қуанатын, сәтсіздікке ұшыраған сәтте көңілдерін көтеретін мұғаліммен қарым - қатынас жасау соншалықты қызықты екенін сезінуі тиіс. «Балаларды түсіну - мұның өзі «олардың кейпін кию»олармен бірге қуанып, бірге күйініп, олардың өмірін кешу»- деген болатын Н. К. Крупская. Балаларды түсіну дегеніміз - оларға өктемдік көрсетпей, олардың бүгінгі тіршілігін тірек ете отырып, ертеңгі тіршілігінің өркенін жаю деген сөз. Баланың көңіл құбылысын, жүрек тебіренісін, оның сезімі мен талпынысын түсіне отырып, педагог баянды тәрбиеге қол жеткізе алады.

Үшіншіден, біз өзіміздің педагогикамызға, тәрбиенің жасампаздық күшіне сенуіміз керек. Қайсыбір педагогтың жекелеген балалардың қыңыр мінезі

алдында қол қусырып «бұдан түк шықпайды»деуі олардың жарқын болашағын жерлеумен бірдей.

Төртіншіден, біз ұлт болашағын, еліміздің келешегі - жас ұрпақты тәрбиелеп отырғанымызды есте ұмытпаған жөн. Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Біз сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және азаматтық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуіміз қажет.

Қазақ мектебінің болашағы туралы Мағжан Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі – мектебіне байланысты...»деуі, Ұлы жазушы, әрі ғұлама М. Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе»деген нақылы еліміздің ертеңі - жас ұрпағыңды жақсылап өсір деген сөз. Жас ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады»деп А. Байтұрсынов айтқандай мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің - ажары мен базары.

Біздің жастар елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш етсін десек, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелейік. Шәкірттеріміз көзге ғана емес, көңілге де қуаныш сыйлап, өміріміздің гүліне, мәні мен сәніне айналсын. Біз тәрбиелеген ұрпақ тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенемін.